

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

«Агробиология» факультеті

ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

«6B08104–Өсімдік қорғау және карантин»

2024-2028 оқу жылына арналған

АЛМАТЫ 2024

Элективті пәндер каталогы ҚазҰАЗУ оқу-әдістемелік кеңесінің (хаттама № 3, «28» 05. 2023 ж.) және ҚазҰАЗУ Ғылыми кеңесінің (хаттама № 11, «05» 04. 2023 ж.) шешімдерімен мақұлданған

Құрастырғандар:

Абдыров А.М., Кусаинова Ж.А., Ахметкалиева Р.К және Жунусова А.С

Алғы сөз

Элективті пәндер каталогы (ЭПК) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімімен құрастырылды.

ЭПК білім алушыларға жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін және ПОҚ таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының және ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен жеке оқу жоспарын әзірлейді.

Каталог кестесінде жалпы білім беру пәндері (ЖБП) циклінің міндетті, таңдау пәндері, базалық пәндер (БП), кәсіптік пәндер (КП) циклінің жоғары оқу орнының міндетті және таңдау пәндері мен оның баламасының формуляры келтіріледі. ЭПК формулярында пәндердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі атаулары, пәннің қысқаша мазмұны, пререквизиттері мен постреквизиттері, ПОҚ аты-жөні, кредит саны мен курсты оқу семестрі көрсетілген.

Білім беру бағдарламасы: «6B08104-ӨСІМДІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАРАНТИН»

Берілетін дәреже: «6B08104–Өсімдік қорғау және карантин»
 Білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы бакалавры

1 КУРС

1 семестр –27 акад.кр.				
Цикл	Код	Пән атауы	ак. кр.	
Міндетті компонент 12 кр. Жоғары оқу орны компоненті- 15 кр (ЖБП-12кр., БП – 15кр.)			Таңдау компоненті –жөк	
ЖБП	ShT 1103	Шетел тілі	5	
ЖБП	K(O)T 1104	Қазақ (Орыс) тілі	5	
ЖБП	DSh 1107	Дене шынықтыру	2	
БП	ZhM 1216	Жоғары математика	5	
БП	OB 1209	Өсімдіктер биологиясы	5	
БП	BOH 1210	Бейорганикалық және органикалық химия	5	
2 семестр – 33 акад.кр.				
Міндетті компонент – 25 кр. Жоғары оқу орны компоненті- 7кр (ЖБП -25кр. БП-7кр.)			Таңдау компоненті –жөк	
ЖБП	KT 1101	Қазақстан тарихы(МЕ)	5	
ЖБП	ShT 1103	Шетел тілі	5	
ЖБП	K(O)T 1104	Қазақ (Орыс) тілі	5	
ЖБП	DSh 1107	Дене шынықтыру	2	
ЖБП	ASBM (ASMP) 1106	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	8	
БП	Agr 1212	Агрометеорология	6	
БП	OP 1218	Оқу практикасы	2	

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	ZhM 1216 Жоғары математика (Higher mathematics)
Пәннің ПОҚ	Абдильдин Н.К., Алдибаева Л.Т., Идирисов К.М., Емир Кады оглу А.Н.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6B08104-Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Математика (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар , Аграрлық экономика
Пәннің мақсаты	Осы пәннің типтік есептерін шешудің негізгі математикалық әдістерімен және оларды практикада қолдана білуімен таныстыру; зерттеудің математикалық аппараттарын игеру.

Пәннің мазмұны	Жоғары математика курсы сызықтық және векторлық алгебра, аналитикалық геометрия, математикалық талдау, дифференциалдық теңдеулер, ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика бөлімдерін қамтитын математикалық білімнің негізі болып табылады. Математиканың теориялық негіздерін білу және практикалық есептерді шешуде тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру негізгі және кәсіби пәндерді зерделеуге және ғылыми және техникалық облыстарда математикалық әдістерді пайдалануға қажеті болып табылады.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіби іс-әрекетінде практикалық есептерді шешуге қажетті сызықтық және векторлық алгебраның, аналитикалық геометрияның, математикалық талдаудың, дифференциалдық теңдеулердің, ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың негізгі түсініктері мен әдістерін біледі; - талдау, математикалық модельдеу, теориялық және эксперименталды зерттеу мен қолданбалы есептерді шешу үшін сызықтық және векторлық алгебраның, аналитикалық геометрияның, математикалық талдаудың, дифференциалдық теңдеулердің, ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика әдістерін қолдана алады; - алған білімдерін кәсіби іс-әрекетінде қолдануға құзыретті
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Байарыстанов, А.О. Жоғары математика: I-бөлім: оқулық. - Алматы: Нур-Принт, 2018.- 245 б. 2. Байарыстанов, А.О. Жоғары математика: II-бөлім: оқулық. - Алматы: Нур-Принт, 2015.- 245 б. 3. Ақанбай, Н. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика курсы: I-бөлім: оқулық . - Қарағанды: Medet Group, 2018.- 396 б. 4. Ақанбай, Н. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика курсы: II-бөлім: оқулық . - Қарағанды: Medet Group, 2018.- 336 б. 5. Ақжігітов, Е. Жоғары математикадан есептер мен жаттығулар: 2-бөлім: оқулық. - Алматы: Фолиант, 2017.- 296 б. 6. Ақанбай, Н. Математикалық статистика бөлімі бойынша өзіндік тапсырмалар мен методикалық нұсқаулар: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 324 б. 7. Махмеджанов, Н. Жоғары математикадан тапсырмалар жинағы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2020.- 122 б. 8. Ақанбай, Н. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика курсы: III-бөлім: оқулық . - Қарағанды: Medet Group, 2018.- 252 б. 9. Махмеджанов, Н. Жоғары математика есептерінің жинағы: оқу құралы / Н. Махмеджанов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Қарағанды: Medet Group, 2018.-326 б. 9. Интернет ресурс. http://library.kaznau.kz/new/?lang=ru <p>Қосымша:</p>

	10.Мусин, А.Т. Математика: I т.: лекциялар, тесттер жинағы. Алматы: Дәуір, 2012. - 312 б. 11.Мусин, А.Т. Математика: II т.: лекциялар, тесттер жинағы. Алматы: Дәуір, 2012. - 392 б.
--	---

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	ОВ 1209 Өсімдіктер биологиясы (Plant biology)
Пәннің ПОҚ	Махамедова Б.Я.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6В08104-Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Ботаника, Биология (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Топырақтану, Жалпы энтомология
Пәнді оқу мақсаты	Негізгі вегетативті және генеративті мүшелердің құрылымын, клеткалық, ұлпалық және мүшелер деңгейдегі жабықтұқымдылар, олардың метаморфоздары және тұқым мен жемістердің қалыптасу үдерісін зерттейді. Өсімдік әлемінің әртүрлілігі, олардың құрылымдық және функционалды ұйымының эволюция жағдайындағы бейімделу процестерін зерттейді. Жер, өсімдіктер экологиясы туралы білім негізін қалап, оларды ауылшаруашылығында пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
Пәннің мазмұны	"Өсімдіктер биологиясы және физиологиясы" пәні су режимі, өсімдіктердің фотосинтезі және тыныс алуы, олардың онтогенезі, өсу мен даму барысын басқару мақсатында ұйымдастыру сияқты өсімдіктер тіршілігінің физиологиялық процестерінің мәнін ашады, сондай-ақ өсімдіктердің цитологиясы мен гистологиясының, органографиясының, көбеюі мен систематикасының негіздері, олардың биосферадағы және өмірдегі рөлі туралы білім алуға мүмкіндік береді.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр: төменгі, жоғары және тұқымдық өсімдіктердің негізгі өкілдерінің жалпы сипаттамасы: балдырлар, саңырауқұлақтар, қыналар; жоғары споралы, жалаңаштұқымдылар мен гүлді өсімдіктерді біледі ; жабық тұқымдылардың (гүлді) өсімдіктердің экономикалық маңызы, көбеюі, құрылымдары, ұрпақтардың ауысуы және даму циклін түсінеді ; біржарнақты және көпжарнақты өкілдерінің вегетативті және генеративті мүшелерінің айырмашылығын көзбен ажыратуды қолдана алады ; өсімдік үлгілерін анықтауда қолданылатын негізгі әдістерді сонымен қатар теориялық материалдарды ғылыми-зерттеу жұмыстарында және практикада қолдану мүмкіндігіне құзыретті .
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан

Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Асыллова Р.Н., Имангазиева Б.С. Ботаника. Оқу құралы. Алматы, 2014. 2. Ж.С. Керімбек, Р.Н. Асыллова, А.М. Шибикеева «Өсімдіктер биологиясы»: Оқу құралы.-Алматы, 2021 3. Мухитдинов Н., Бегенов Ә., Айдосова С. Өсімдіктер морфологиясы мен анатомиясы. Оқулық. Алматы, 2017. 4. Силыбаева Б.М., Байғана Ж.К., Карипбаева Н.Ш. Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы. Оқу құралы. Алматы, 2021. 5. Ж.С. Керімбек. Өсімдіктер биохимиясы мен физиологиясының практикумы: оқу құралы. / Алматы, 2021. 6. Дауылбай А.Д. Өсімдіктер физиологиясы пәнінен зертханалық практикум. Алматы, 2016. 7. Жохова, Е. В. Ботаника [Интернет ресурсы]: учебное пособие для вузов / Е. В. Жохова, Н. В. Скляревская. - 2-е изд., испр. и доп. - М. : Издательство Юрайт, 2018. -256 с. — 8.ЭБС "Юрайт". - https://biblioonline.ru/viewer/botanika-421648#page/54 2. <p>Қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 9. Ключникова Н.М., Пятунина С.К. Ботаника. Систематика растений: Учебное пособие. Москва, Прометей 2013. 10. Әметов Ә.Ә. Ботаника. Оқулық. Алматы, 2005. 11. Тель Л.З., Дәленов Е.Д. Биология негіздері. 1 бөлім. Алматы, 2011. 12. Карипбаева Н.Ш., Полевик В.В., Силыбаева Б.М. Ботаниканың оқу практикумы. Интеллект. Алматы, 2012. 13. Әбдіхалықова Ә.Ә., Керімбек Ж.С., Омаров Г.С. Өсімдіктер физиологиясының практикумы. Алматы, 2012. 14. Сағатов К.С. Өсімдіктер физиологиясы. Алматы, 2011 15. Мухитдинов Н.М., Мамурова А.Т. Дәрілік өсімдіктер. Оқулық. Алматы, 2013. 16. Искендірова Р.Ә. Гүлді өсімдіктер систематикасы. Оқу құралы. Алматы, 2012. 17. Берсенева С.А. Лабораторный практикум по ботанике. Часть 1: Анатомия и морфология растений [Интернет ресурсы]: / С.А. Берсенева; – ФГБОУ ВПО ПГСХА. – Электрон. текст. дан. - Уссурийск: ПГСХА, 2015. – 242 с. – 18. Режим доступа: www.elib.primacad.ru.

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	ВОН 1210 Бейорганикалық және органикалық химия (Inorganic and Organic Chemistry)
Пәннің ПОҚ	Ахатова З.С., Рыскалиева А.К.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6В08104-Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Химия (мектеп бағдарламасы)

Пәннің постреквизиттері	«Өсімдіктердің зиянды организмдер» модулі
Пәнді оқу мақсаты	Арнайы пәндерді меңгеру үшін химия бойынша алған білімдерін қолдану
Пәннің мазмұны	Пән химияның негізгі заңдары мен ұғымдарын, өзара өзгеру заңдылықтарын, жалпы химиялық қасиеттерін, бейорганикалық қосылыстардың құрылымын қарастырады. Сондай-ақ органикалық қосылыстардың жіктелуін, олардың физика-химиялық қасиеттерін, органикалық қосылыстар кластары арасында жүретін реакцияларды зерттейді
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр: бейорганикалық және органикалық қосылыстардың негізгі құрылыстары мен қасиеттерін, оларды сапалық сандық және физико-химиялық талдау әдістерін қолдану арқылы біледі ; теориялық білімдерін практикалық тапсырмаларды шешуде қолдануды түсінеді ; практикалық мәселелерді шешуге, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін білімдерін ұштастыруға қолдана алады ; бейорганикалық, органикалық және аналитикалық химияның жалпы теориялық және эксперименталдық принциптері мен әдістерінде құзыретті .
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1.Ахатова З.С. Общая и неорганическая химия. –Алматы, 2015. 2.Ахатова З.С., Dmitry Yu.Murzin Органическая химия. – Алматы, 2014. 3. Дүйсебаев Қ.Ә. Органикалық химия. –Алматы, 2013. 4. Ахатова З.С. Общая и неорганическая химия. –Алматы, 2015. 5. Ахатова З.С., Dmitry Yu.Murzin Органическая химия. – Алматы, 2014. 6. Ахатова З.С., Маденова П.С. Аналитическая химия.- Алматы, 2019. 7. Дүйсебаев Қ.Ә. Органикалық химия. –Алматы, 2011. 6 Маденова П.С. Аналитикалық химия. –Алматы, 2014.

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	Agr 1212 Агрометеорология (Agrimeteorology)
Пәннің ПОҚ	Ержанова К.М, Құланбай Қ.Ж., Сырлыбаев Г.О.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6В08104-Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит	6
Оқыту нысаны	Күндізгі
Семестр	2
Пәннің пререквизиттері	Өсімдіктер биологиясы
Пәннің постреквизиті	Топырақтану, Жалпы энтомология.
Пәннің мақсаты	Негізгі метеорологиялық элементтерге (температура, жарық, ылғал және т.б.) дұрыс баға беру, оны болжау, жоспарлау, оларға бақылаулар жүргізу, ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру.

Пәннің мазмұны	"Агрометеорология" пәні атмосферада болып жатқан негізгі құбылыстардың мәнін түсіну және климатты шектейтін факторлардың ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі салаларына әсерін анықтау үшін биосфералық үрдістер мәселелерін зерттейді. Ауыл шаруашылығы дақылдарының қоршаған ортаның негізгі факторларына (жарық, жылу, ылғал) нормативтік агрометеорологиялық қажеттіліктерін және агрометеорологиялық болжамдар мен ауыл шаруашылығы климатын бағалау әдістерін қарастырады.
Пәннің құзыреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> - негізгі метеорологиялық элементтердің ерекшеліктерін, олардың ауылшаруашылығына тигізетін әсерін; - метеорологиялық элементтерге бақылаулар, өлшеулер жүргізе білу; - алынған бақылаулармен өлшеулерді ауылшаруашылығына пайдалана білу; - агрометеорологиялық жағдайлардың өзгеруінің дақылдарға әсерін; - әрбір агроклиматтық аймаққа дақылдарды аудандастыруды біледі; - жергілікті аймақтың климаттық жағдайына байланысты агротехникалық шараларды дұрыс пайдаланып өнімділікті арттыру жолдарын; - ауылшаруашылығына зиянды, қауіпті метеорологиялық элементтермен күресу жолдарын іске асыру; - ауылшаруашылығына дақылдардың өсу фазаларын, топырақ ылғалдылығын және өнімділігін болжау әдістерін зерттеп іс жүзінде пайдалану жолдарын қолдана алады; - метеорологиялық және климаттық жағдайлардың ауыл шаруашылығына әсерін географиялық аудандарға және уақытқа байланыстылығын оқыту; - жаңа сорттарды және будандарды аудандастыруға негіздеме жасау; - ауа райының қолайсыз құбылыстармен күресудің әдістерін жасау, олардың жолдарын және танаптардың микроклиматтық жағдайын жақсартатынын үйрету; - қалыптасқан және болжауға қарай алдағы уақытта болатын ауа райының жағдайына байланысты әртүрлі агротехникалық әдістерді негіздеуге күзіретті;
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Атақұлов, Т.А., Агрометеорология: оқулық /Т.А. Атақұлов, К.М. Ержанова; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2016.- 233 б. 2. Сырлыбаев, Г.О., Агрометеорология: учеб. пособие / Г.О. Сырлыбаев; КазНАУ.- Алматы: CyberSmith, 2017.- 172 с. 3. Агрометеорология практикумы: оқу құралы/Т.А. Атақұлов, К.М. Ержанова.-Алматы:Эпиграф, 2017.-112 б. 4. Журина, Л.Л., Агрометеорология: учебник для вузов / Л.Л. Журина, А.П. Лосев.- СПб.: Квадро, 2014.- 368 с. <p>Қосымша:</p>

	5. Атақұлов, Т.А., Агрометеорология: оқулық / Т.А. Атақұлов, К.М. Ержанова.- Алматы: ҚазҰАУ, 2011.- 211
--	---

2КУРС

3 семестр – 27 акад.кр.							
Цикл	Код	Пән атауы	ак. кр.	Цикл	Код	Пән атауы	ак. кр.
Міндетті компонент 2 кр. Жоғары оқу орны компоненті- 22кр (ЖБП-2кр., БП – 20 кр.)				Таңдау компоненті –5кр. (ЖБП-5кр.)			
ЖБП	DSh 2107	Дене шынықтыру	2	ЖБП	KSZhK M 2108	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	5
БП	FBN 2213	Физика биофизика негіздерімен	5		Eko 2108	Экономика	
БП	Top 2211	Топырақтану	5		Eko 2108	Экология	
БП	ZhE 2214	Жалпы энтомология	5		TAK 2108	Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі	
БП	OShM ZhP 2217	Өсімдік шаруашылығында машиналар мен жабдықтарды пайдалану	5		Kas 2108	Кәсіпкерлік	
					GZN 2108	Ғылыми зерттеу негіздері	
					KSN 2108	Қаржылық сауаттылық негіздері	
4 семестр – 33 акад. кр.							
Міндетті компонент – 12кр. Жоғары оқу орны компоненті- 21 кр (ЖБП -12кр.БП-21кр.)				Таңдау компоненті –жөк			
ЖБП	Fil 2102	Философия	5				
ЖБП	AKT 2105	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5				
ЖБП	DSh 2107	Дене шынықтыру	2				
БП	Egi 2219	Егіншілік	5				
БП	ZhKSh N 2215	Жеміс-көкөніс шаруашылығы негіздері	6				
БП	AM 2221	Ауылшаруашылық микробиологиясы	5				
БП	OP 2220	Өндірістік практика	5				

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	FBN 2213 Физика биофизика негіздерімен (Physics with fundamentals of biophysics)
Пәннің ПОҚ	Жукина А.Б., Сакипова Ш.Е., Нуркамыт А.Б.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр

Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6B08104-Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит	5
Оқу нысаны	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Физика (мектеп бағдарламасы), Жоғары математика
Пәннің постреквизиттері	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Агрохимия
Пәнді оқу мақсаты	Тірі ағзаның өмір сүру қабілетінің және оның даму деңгейін негізгі физикалық заңдылықтармен құбылыстар арқылы түсіндіру
Пән мазмұны	Механика элементтері. Материялық нүктенің және қатты дененің кинематикасымен динамикасы. Механикадағы сақталу заңдары. Биологиялық объектілердегі энергияның түрлену және сақталу заңы. Гидродинамика. Капиллярлық құбылыстар. Беттік керілу. Биологиялық жүйедегі тасымалдау құбылыстары. Ауаның ылғалдылығы. Биологиялық жүйенің термодинамикасы. Электромагнетизм. Биожүйелердің электрөткізгіштігі. Магнит өрісінің организмге әсері. Электромагниттік тербелістер мен толқындар. Оптиканың негізгі заңдары. Оптикалық сәулелердің биологиялық әсері. Оптикалық әдістер. Фотобиологиялық реакциялар. Фотометрия негіздері. Дозиметрия негіздері.
Пәннің күзiреттiлiгi	Пәннің меңгергеннен кейін бакалавр: -биофизикада қолданылатын физикалық негізгі ұғымдар мен заңдарды, биофизикалық жүйелердің қасиеттерін біледі ; -тірі жүйелерді зерттеуде дамыған физикалық әдістерді практикада қолданады ; -заманауи аспаптар мен жабдықтарда жұмыс жасап, алынған нәтижелерді өңдеу дағдыларын қалыптастыруға күзiреттi
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Аманқұлов Т.П., Хамза А.Қ. Физика курсы.- Қарағанды: Medet Group, 2018.- 332 б. 2. Әбілдаев Ә. Физика.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2014.- 242 б. 3. Иродов И.Е., Маженов Н.А., Смирнов Ю.М., Кенжин Б. М.- Механика. Электромагнетизм. Кванттық физика. Негізгі заңдар. Алматы, 2013.- 276 б. 4. Қойшыбаев Н. I-V том. Механика. Молекулалалық физика және термодинамика. Электродинамика. Тербелістер мен толқындар. Оптика. Атом. Ядро. Элементар бөлшектер. Алматы, «БеРо», 2014ж. 5. Абдула Ж. Физика курсының лекциялары, Алматы: Дәуір, 2013ж. – 528б. 6. Волькенштейн В.С. Жалпы физика курсының есептер жинағы. Алматы: Нур-Принт, 2017.- 450 б. 7. Арызханов Б.С. Биологиялық физика.-Алматы, Қайнар, 2013 Қосымша: 8. Детлаф А.А., Яворский Б.М. Курс физики. М.:

	<p>Академия. 2007. -719 с.</p> <p>9. Журавлев А.И., Белановский А.С., Пронин В.П. Основы физики и биофизики. – М.: Колос, 2005. – 376с.</p> <p>10. Грабовский Р.К. Курс физики для сельскохозяйственных ВУЗов. – М.: Высшая школа, 2004г. – 607с.</p> <p>11. Мусабеков О. Задачи по биофизике. Алматы. КазНАУ, 2003 г.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	Тор 2211 Топырақтану (Soil science)
Пәннің ПОҚ	Жамангараева А.Н., Караева К.О.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6В08104- Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит	5
Оқыту нысаны	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Өсімдіктер биологиясы, Агрометеорология
Пәннің постреквизиттері	Егіншілік, Агрохимия
Пәнді оқу мақсаты	Жердің тірі қабаты – топырақ туралы, оның табиғи дене ретінде қарап, оның қасиеттері, түзілуі, эволюциясы туралы білім негіздерін қалау. Топырақ түзілу процесін, оның жер бетінде дамуын, топырақ түзілуіне экологиялық факторлардың әсерлерінен, топырақ қорларын тиімді пайдалану жолдарын оқып білу
Пән мазмұны	Пән топырақты табиғи-тарихи құрылымның дербес табиғаты, топырақ түзілу факторлары мен үрдістері, топырақтың құрамы мен қасиеттері, жер жамылғысының қалыптасуының географиялық ерекшеліктері ретінде зерттейді. Егістік топырақты ұтымды пайдалану, топырақ құнарлылығын арттыру әдістерін әзірлеу және топырақты ластанудан және деградациялықүрдістерден қорғау мәселелерін қамтиды.
Пәннің құзыреттілігі	<p>Пәннің меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - топырақтың жаралуын, құрамын, қасиетін және құбылымдарын; - топырақтың географиялық таралуын; - жіктелу мен номенклатура негіздерін, топырақ типтерінің диагностикасын; - топырақ бонитировкасы мен агроөндірістік топтастыруды; - топырақ зерттеу тәсілдерін және оны тиімді пайдалану жолдарын біледі; - топырақ және топырақ – мелиоративтік зерттеулерді орындауға, топырақ картасы мен картограммаларын құрастыра білуге, мелиорациялау және топырақты пайдалану шаралары мен мелиоративтік болжауларды өңдеуге; кадастарлық мақсатта жерлерді бағалау жұмыстарын жүзеге асыруға және жерлерге агроэкологиялық мониторинг жүргізуге; ауылшаруашылық дақылдарын орналастырудың агроэкологиялық карталарын өңдеуге; агротехнологияда топырақ жағдайларын реттеуді жүзеге асыруға; топырақты

	<p>эрозия, дефляция және әртүрлі ластану мен тозу түрлерін қорғау шараларын меңгеруді; топырақтың жіктеулерін және топырақ жамылғысының түйіртпектілігін, экологиялық нормативтерді пайдалануға; әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге топырақтың тиімділігін бағалауға; топырақтың эрозияға, сілтісізденуге, кебірленуге, деградациялануға, тұздануға және басқа да үрдістерге төзімділігін бағалауды түсінеді;</p> <ul style="list-style-type: none"> - топырақ құнарлылығын деңгейін анықтаудың және оның құрамын; - егілген ауылшаруашылық дақылдарға топырақ жағдайының сай келетіндігін; - топырақ құнарлығын көтерудегі агротехникалық шараларды; - далалық және лабораториялық жағдайларда топырақты зерттеу тәсілдерін; - топырақ картасы мен картограммасын дұрыс пайдалануға күзіретгі
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Абрамов А. И. Динамика обеспеченности пахотных угодий Нижегородской области подвижным фосфором/А. И. Абрамов, Е. А. Крымова/ Достижения науки и техники: АПК.- 2014. - № 4. -С. 10-12. 2. Муралев С. Доказано на практике. Некорневая подкормка - простое решение для реанимации озимых Земля нижегородская. -2014. -№ 11. -С. 9. 3. Список пестицидов и агрохимикатов, разрешенных к применению на территории Российской Федерации, 2014 год: [по состоянию на 27 января 2014 г.: справ. Изд.].- Москва: Журнал «Защита и карантин растений», 2014. - 691 с.- (Приложение к журналу «Защита и карантин растений»; № 4, 2014). <p>Қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 5. Ошақбаева Ж.О. Мелиоративтік топырақтану. Алматы 2010ж.

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	ZhE 2214 Жалпы энтомология (General entomology)
Пәннің ПОҚ	Таранов Б.Т., Қанатова М.Қ.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6B08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Өсімдіктер биологиясы, Агрометеорология
Пәннің постреквизиттері	Ауылшаруашылық энтомологиясы/Ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестері
Пәнді оқу мақсаты	Зерттеу мақсаты-әр жүйелік топтағы бунақденелілердің биологиялық дамуы, бунақденелілердің тіршілігі әрекеті мен

	құрылысы, филогенез жүйесі
Пәннің мазмұны	Жалпы энтомология" ғылыми теориялық пәні жәндіктердің негізгі ерекшеліктерін, олардың морфологиясын, анатомиясын, биологиясын, әртүрлілігін, жіктеу жүйесін және сыртқы ортамен байланысын зерттейді. Пән қолданбалы ауыл шаруашылығы, орман, медициналық, ветеринарлық және биотехнологиялық энтомологиясының ғылыми негізі болып табылады.
Пәннің күзiреттiлiгi	Пәннің меңгергеннен кейін бакалавр: -бунақденелілердің жіктелуін, сандық динамикасын, олардың биологиялық ерекшеліктері мен репродуктивті сипаттамасын, физиологиясын, дене құрылысы мен мүшелер жүйесін, филогенетикалық талдауды біледі ; - бунақденелілердің іс-әрекеті, олардың мүшелер жүйесінің функциясы мен морфологиясын табиғатта негізгі зерттеу және ұтымды талдау нәтижелерін қалыптастыра отырып көзқарастарын дамытып, энтомологиялық ақпараттарды түсінеді ; -энтомология ғылымының қазіргі жағдайына сәйкес энтомологияның заманауи әдістерін, соның ішінде бунақденелілерді жинау, есепке алу және коллекциялау, зерттеу әдістерін қолдана алады ; -ауылшаруашылық өсімдіктерінің зиянкестерге төзімділігін арттыратын қорғау шараларын жүргізуге күзретті
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Булухто Н.П., Короткова А.А. Защита растений от вредителей: учебное пособие М., Берлин: Директ-Медиа, 2015 – 171 с. 2.Глазунова Н.Н. и др. Системы защиты основных полевых культур Юга России: справочное и учебное пособие Ставрополь: Параграф, 2013. – 184 с. 3.Тимофеева В. А., Дишук Н. Г., Войнило Н. В. Болезни и вредители декоративных растений в насаждениях Беларуси: научное издание Изд: Белорусская наука, 2014. Қосымша: 4.Девяткин А.М., Белый А.И., Замотайлов А.С., Оберюхтина Л.А. Сельскохозяйственная энтомология: краткий курс лекций. Краснодар: КубГАУ, 2012 (2014). – 308 с. 5.Замотайлов А.С., Попов И.Б., Белый А.И. Экология насекомых. Краткий курс лекций. Краснодар: КубГАУ, 2009. – 184 с 6.Чернышев В.Б. Сельскохозяйственная энтомология (экологические основы): курс лекций. М.: Триумф, 2012. – 232 с
Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	OShMZhP 2217 Өсімдік шаруашылығында машиналар мен жабдықтарды пайдалану (Exploitation of Machinery and Equipment in Crop Production)
Пәннің ПОҚ	Жетпейсов М.Т., Ниязбаев А.К.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат

Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6В08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Өсімдіктер биологиясы, Агрометеорология
Пәннің постреквизиттері	Егіншілік, Өсімдік шаруашылығы
Пәнді оқу мақсаты	Пәннің мақсаты - студенттерге ресурстарды үнемдеу және қоршаған ортаны қорғаудың заманауи талаптарына сәйкес агроөнеркәсіптік машиналар мен жабдықтарды жоғары тиімді пайдалану және техникалық пайдалану туралы кешенді білім жинағын беру.
Пәннің мазмұны	"Өсімдік шаруашылығында машиналар мен жабдықтарды пайдалану" пәні тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналарының жалпы құрылысын, тракторларды ауыл шаруашылығы машиналарымен агрегаттауды, машина-трактор паркін (МТП) өндірістік пайдаланудың теориялық негіздерін қарастырады. Өндірістік процестер мен агрегаттарға жалпы сипаттама беріледі, мобильді энергетикалық құралдар мен жұмыс машиналарының пайдалану қасиеттері, есептеу әдістемесі, жинақтау, қозғалыс әдістері, өнімділік және ауылшаруашылық жұмыстарын орындау кезіндегі пайдалану шығындары қарастырылады.
Пәннің құзыреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр: тракторлар мен автомобильдердің жалпы құрылысын, құраушы агрегаттар мен механизмдерінің жұмыс істеу принципін; өсімдік қорғау машиналарының құрылысын, жұмыс істеу принципін, технологиялық үрдістерін және олардың реттеулерін; агрегаттарды құрудың есептерін, реттеулерін біледі ; трактор және өсімдік қорғау машиналарының механизмдері мен жүйелерінің негізгі реттеулерін орындауға; технологиялық операцияны орындау талабына сәйкес машина мен құрал түрін тағайындауға; операция сапасын бақылауға; машина-трактор агрегатын тиімді құруды түсінеді ; өсімдік қорғау машиналарын реттеуді, негізгі технологиялық операцияларды орындайтын машиналарды таңдауды, МТА құруды және материалдық техникалық құралдардың қажеттілігін есептеуді қолдана алады ; ауыл шаруашылық өсімдіктерін қорғау тәсілдерін және алыс шет елдердегі өсімдік қорғау машиналарымен жұмыс істеуге. құзыретті
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Никитин В.С., Жетпейсов М.Т., Ниязбаев А.К. Характеристика, общее устройство и технологические свойства автотракторной и сельскохозяйственной техники. – Алматы: изд. «Айтұмар», 2013 2. Технологии и технические средства в сельском хозяйстве: учебное пособие. Авторы-составители: Варавин В.И., Бабков

	<p>А.П. [Электронный ресурс].- 2016.</p> <p>3.О.И. Поливаев, А.В. Костиков, О.Н, Ворохобин Конструкция тракторов и автомобилей. Ведринский. СПб.: Издательство«Лань», 2013. – 296 с. ISBN 978-5-8114-0.</p> <p>4. Халанский В.М. Сельскохозяйственные машины: учебник для вузов/Халанский В.М., Горбачёв И.В.- Санкт-Петербург: Квадро, 2014. – 624</p> <p>Қосымша:</p> <p>5. Усманов А.С. Машины для агропромышленного комплекса. Справочное пособие. – Алматы: Инжу-Маржан, 2010</p> <p>6. Баймаханов К. Ауыл шаруашылығында машина пайдалану: оқу құралы. – Шымкент, 2009.</p> <p>7. Зангиев А.А. Эксплуатация Машино - тракторного парка. М.: Колос, 2004. 2.Родичев В.А., Родичесва Г.И. Тракторы и автомобили. – М.Колос, 2000.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	KSZhKM 2108 Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет (Law and anti-corruption culture)
Пәннің ПОҚ	Абилкасымов Е.Д., Теленді М.А.
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6B08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Адам. Қоғам. Құқық. (мектеп бағдарламасы); «Әлеуметтік- саясаттану білім» модулі
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестаттау
Пәнді оқу мақсаты	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар аясындағы құқықтық сауаттылықты арттыруға және студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын, мінез – құлықтарының стандартын, сыбайлас жемқорлықтың кез- келген көріністеріне қырын қарауды қалыптастыруға бағытталған.
Пәннің мазмұны	Пәннің мақсаты Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, студенттердің әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық, құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылату. Курс сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама шеңберінде құқықтық сауаттылықты арттыруға және студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне теріс көзқарастың мінез-құлық стандарттарын қалыптастыруға ықпал етеді
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр: адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін білу; Қазақстан Республикасындағы әрекет етуші негізгі нормативтік құқықтық актілерді білу, олардың қолдану аясын дұрыс түсіну; халықаралық заңдылықтарды білу; құқық салаларын ажырата білу, сыбайлас жемқорлықтың мәнін және оның пайда болу себептерін;

	<p>сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылық үшін моральдық – өнегелік және құқықтық жауапкершілікті; сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет аясындағы әрекет етуші заңнамаларды біледі;</p> <p>материалдық және іс жүргізу құқығының өзара іс-қимыл механизмін түсінеді;</p> <p>нақты жағдайларда құқық нормаларын қолдана алады;</p> <p>қарастырылатын әрбір құқық саласына жүйелі түсінік жасай біліп, қазіргі ғылыми зерттеулерге сын көзқараспен қарап, тұжырымдар жасай алуға; проблемаларды шешудегі дербестік пен түпнұсқалық және кәсіби деңгейде дербес жоспарлауды және шешуге жетілген құқықтық сана, құқықтық ой – өріс және құқықтық мәдениет негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыру; нақты заң талаптарына сәйкес шешім қабылдау және заңдық әрекетті жүзеге асыруға күзретті</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <p>1.Ә.О. Турдалиев, Ж.Ж. Жағыпар. Сыбайлас жемқорлықпен күрес стратегиясы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл пәні бойынша әдістемелік оқу құралы - Алматы: CyberSmith, 2017.- 372 б.</p> <p>2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы.- Алматы: Альманах, 2017.- 30 б.- (Заң кітапханасы).</p> <p>3. Закон Республики Казахстан "О противодействии коррупции".- Алматы: Альманах, 2017.- 30 с.- (Юрид. б-ка).</p> <p>4. Г.Р.Усеинова, А.С.Ибраева, Д.М.Баймаханова, С.А. Сартаев; под общ. ред. С.С. Сартаева. Формирование антикоррупционной культуры и антикоррупционного сознания: проблемы теории и практики коллективная монография - Алматы: Қазақ университеті, 2017.306 с.</p> <p>5. С.М.Баймолдина. Актуальные проблемы борьбы с коррупцией и организованной преступностью учеб. пособие - Алматы: Эпиграф, 2016.- 184 с.</p>

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	Еко 2108 Экономика (Economy)
Пәннің ПОҚ	Саурукова А.К, Джумабаева А.М.
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6В08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі
Пәннің постреквизиттері	Аграрлық экономика
Пәнді оқу мақсаты	Экономикалық ойлауды қалыптастыру, нарықтық экономика, нарықтық экономика жағдайындағы құқықтың рөлі туралы білім беру, мемлекеттің экономикалық және құқықтық саясатын түсіндіру. Құқықтық мәдениет пен ойлауды тәрбиелеу. Құқық пен экономиканы зерделеу

	кезінде алынған білім мен дағдылар құқықтық білімнің негізі бола алады
Пәннің мазмұны	Пәннің мазмұны қоғамның экономикалық тіршілігі туралы негізгі білімді игеруге бағытталған. Пән студенттердің экономикалық ойлауын дамытуға және табиғи ресурстардың шектеулі болуымен ұтымды шешім қабылдау қабілетіне ықпал етеді. Экономика саласындағы алған білімі мамандық таңдауда және одан әрі білім алуына мүмкіндік береді.
Пәннің күзiреттiлiгi	<p>Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> -нарықтық экономиканың негізгі заңдарын; құқық жүйесі мен құрылымын, қазіргі заманғы құқықтық жүйелерді; құқықты қолданудың жалпы ережелерін; адам құқықтарын халықаралық-құқықтық қорғау органдары мен тәсілдерін; экономикалық ғылымның негізгі теориялық ережелерінің мағынасын; негізгі заң мамандықтарын біледі; - экономикалық агенттердің нарықтардағы өзара іс-қимыл механизмін түсіну; мемлекеттің және құқықтың шығу тегі, олардың өзара байланысы; құқықтық реттеу тетігі; құқықтың базалық салаларының негізгі ұғымдары мен санаттарының мазмұны; нақты құқықтық қатынастарға қатысушы ретінде азаматтың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігінің мазмұны; Жария және жеке құқықтармен реттелетін құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін түсінеді; -осы пәнді оқу барысында алынған теориялық білімді практикада қолдану; экономиканы мемлекеттік-құқықтық реттеу саласындағы типтік міндеттерді алған білімді қолдана алады; - тиімді шаруашылық шешімдердің нұсқаларын кәсіби әзірлеу және негіздеу, құқықтық құжаттардың қарапайым түрлерін (өтініштер, анықтамалар, шарт) өз бетінше жасауға күзiреттi.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. С.С.Носова Экономическая теория для бакалавров. Учебное пособие/ С.С.Носова, В.И.Новичкова.-3-е изд.– Москва, КНОРУС, 2015. – 368 с. 2. Балашов А.И. Правоведение: учебник по дисциплине "Правоведение" для студентов вузов, обучающихся по неюридическим специальностям /А.И.Балашов, Г.П. Рудаков. – 5-е изд., доп. и перераб. – Москва [и др.] : Питер, 2015. – 461 с. 3. Ахмедьярова М.В., Жоламанов Е.М. Экономическая теория. Учебное пособие. Алматы, 2016. – 364 с. 4. Николаева, И.П. Экономическая теория: Учебник для бакалавров / И.П. Николаева. - М.: Дашков и К, 2015. - 328 с 4. Лашкарева, О.В. Макроэкономика [Текст]: учеб. пособие / О.В. Лашкарева.- Алматы: TechSmith, 2018.- 324 с. 5. Лашкарева, О.В. Макроэкономика [Текст]: метод. указания для подготовки к семинарам для студентов экон. спец. / О.В. Лашкарева.- Алматы: TechSmith, 2018.- 64 с. 6. Мэнкью, Н. Макроэкономика [Текст] / Н. Мэнкью, М.

	<p>Тейлор.- 2-е изд.- СПб.: Питер, 2016.- 560 с.</p> <p>7. Капканщиков, С.Г. Макроэкономика [Текст]: учебник для вузов / С.Г. Капканщиков.- 3-е изд., перераб. и доп.- М.: КНОРУС, 2015.- 406 с.</p> <p>8. Марыганова, Е.А. Макроэкономика: экспресс курс [Текст]: учеб. пособие / Е.А. Марыганова, С.А. Шапиро; Рос. академия предпринимательства.- М.: КНОРУС, 2015.- 300 с.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	Еко 2108 Экология (Ecology)
Пәннің ПОҚ	Сагидолдина Ж.Е., Куандыкова Э.М., Әубәкіров Н.П.
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6В08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	«Жаратылыстану-ғылыми пәндер» модулі
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестаттау
Пәнді оқу мақсаты	Экологиялық танымды қалыптастыру, қоғам мен табиғаттың тұрақты даму негіздері туралы терең білім алу, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың заманауи тәсілдері бойынша теориялық және практикалық білім алу
Пәннің мазмұны	Пән тірі жүйелер қызметінің негізгі заңдылықтарын, адам экологиясының, экология мен табиғат қорғау ерекшеліктерін, қоршаған ортаның жағдайын зерттеу әдістерін және биосфералық үрдістер тұрғысынан кәсіби қызметтің салдарын болжауды зерттейді.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәннің меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <p>-экологиялық ғылымның қалыптасу тарихы және оның мәселелері, табиғатты қорғау және табиғатты тиімді пайдалануды біледі;</p> <p>-табиғатта және қоғамда пайда болатын құбылыстардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтауды түсінеді;</p> <p>- алынған білімді қойылған міндеттерді шешу үшін, экологиялық процестерді талдау, табиғат пен қоғамның тұрақты дамуының басымдықтары мен міндеттерін қою кезінде қолдана алады;</p> <p>-табиғи ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласында; БиоСфера мен биоалуантүрліліктің тұрақтылығын сақтау және Апатты дағдарыссыз социумды дамыту мақсатында; орта факторларының әсер ету дәрежесін анықтауда құзретті</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <p>1.Оспанова Г.С. Экология: оқулық / Г.С Оспанова, Г.Т Бозшатаева.- 2-бас.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 315 б.</p> <p>2.Жайлыбай К.Н. Экология терминдерінің түсіндірме сөздігі оқу құралы / К.Н. Жайлыбай, С.Қ. Райымқұлова.-</p>

	<p>Алматы: Эпиграф, 2016.- 84 б.</p> <p>3. С.Ж.Баубеков, С.Т.Дуйсенбаева Табиғатты қорғаудағы экология негіздері оқулық.- Алматы: Эверо, 2015.- 308 б.</p> <p>4. Булекбаева К.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау оқулық / К.Б. Булекбаева.- Алматы: Эверо, 2015.- 157 б.</p> <p>5. Экология және тұрақты даму оқулық / А.Қ.Саданов, Н.Ш.Сүлейменова, Н.С.Дәменова; ҚР Білім және ғылым министрлігі.- Алматы: Эпиграф, 2015.- 404 б.</p> <p>6. Бигалиев, А.Б. Биоэкология "Экология" маман. бойынша ун-т студ. арн. оқулық /А.Б.Бигалиев.- Алматы: Эверо, 2015.- 276 б</p> <p>7.Экология және тұрақты даму оқулық / М.С. Тонкопий, Г.С. Сатбаева, Н.П. Ишкулова- Алматы: Экономика, 2014.- 316 б.</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	ТАК 2108 Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі (Life safety)
Пәннің ПОҚ	Хамитов Н.М., Қалқабаева А.
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6В08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	«Жаратылыстану-ғылыми пәндер» модулі
Пәннің постреквизиті	Дипломдық жұмыс(жоба)
Пәнді оқу мақсаты	Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері студенттерге қауіпсіз және зиянсыз өмір сүру жағдайларын, адам мен техносфераның өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету үшін қажетті дағдыларды меңгеруде жүйелі білімді беру болып табылады. Алынған білімдер болашақ мамандардың өндірістік жабдықтардың және техникалық жүйелердің тұрақтылығын есепке ала отырып, оларды пайдаланудың заманауи қауіпсіздік талаптарына сәйкес жаңа жабдықтарды және технологиялық процестерді жобалауға қатысуға мүмкіндік береді, табиғи апаттардың ықтимал салдарынан қоғамдық және өндірістік персоналды қорғау үшін шұғыл жағдайларда шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, апаттар және қазіргі заманғы жою құралдарын пайдалану, сондай-ақ оларды жою кезінде.
Пәннің мазмұны	Қауіпсіздіктің кәсіби мәдениетін қалыптастырады және алған білімдерінің жиынтығын кәсіби қызметте қолдану, кәсіби қызмет саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін біліктілік пен дағдылар қабілеттілігі түсініледі.
Пәннің құзіреттілігі	Пәннің меңгергеннен кейін бакалавр: - қоршаған ортадағы адам өмірінің қауіпсіздігінің теориялық негіздері; -тіршілік қауіпсіздігінің құқықтық және нормативтік-техникалық негіздері біледі; -травматикалық, зиянды және зақымдайтын фактор-лардың адамға анатомиялық және физиологиялық салдары туралы, төтенше жағдайлар кезіндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің тұрақтылығын арттыру жолдары мен

	<p>құралдары туралы, төтенше жағдайларды болжау және олардың сал-дарын жою әдістері туралы түсінеді;</p> <p>құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды негізгі ұйымдастыру және өткізу, өндірістік қызметтің қауіпсіздігі мен экологиялық қауіпсіздігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу, авариялық-құтқару жұмыстарына және төтенше жағдайдан кейінгі басқа да жұмыстарды қолдана алады;</p> <p>шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік қызметінің тұрақтылығын арттыру жөніндегі шараларды жоспарлау және іске асыру кезінде, төтенше жағдайлар кезінде өндірістік персоналды және халықты қорғау бойынша іс-шараларды жос-парлау кезінде, құтқару жұмыстары кезінде азаматтық қорғаныс бөлімшесінің командирінің міндеттерін орындау кезінде қүзіретті</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі Әдебиеттер тізімі	<p>1 академиялық кезең (15апта)</p> <p>Негізгі:</p> <p>1.Баубеков С.Д. Охрана труда и безопасность жизнедеятельности. Учебник. Эверо, 2015.</p> <p>2.Хакиджанов Т.Н. Сборник задач по Охране труда и безопасности жизнедеятельности. Учебное пособие для ВУЗов. Эверо, 2015.</p> <p>3.Сапронов Ю.Т. Безопасность жизнедеятельности. М.: «Академия», 2015.</p> <p>5.Пәннің жұмыс жоспары (Силлабус). Дамыған Касенов К.М. КазҰАУ, 2018 ж.</p> <p>6.Тәжірибе сабаққа арналған әдістемелік нұсқау. Касенов К.М., Жумабаева А. и др. КазҰАУ, 2020</p>

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	Kas 2108 Кәсіпкерлік (Entrepreneurship)
Пән ПОҚ	Саурукова А.К, Джумабаева А.М.
Пән циклі	ЖБП /ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6B08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Жоғары математика
Пәннің постреквизиттері	Аграрлық экономика
Пәннің мақсаты	Студенттердің теориялық, ғылыми және практикалық білім арқылы жаңа тауар жасау мен қызмет көрсету бойынша кәсіпкерлік қызметке дайындығын қалыптастыру. Студентке бизнес-жоспар дайындау мен кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың бизнес-идеясын әзірлеуді үйрету.
Пәннің мазмұны	Пән кәсіпкерліктің заңнамалық базасының теориялық және практикалық негіздерін, ҚР-дағы кәсіпкерлік қызметтің жағдайы мен перспективаларын, практикалық қызметті жүзеге асыру кезінде неғұрлым тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін түрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы фирмалар мен кәсіпорындардың жұмыс істеуінің мемлекеттік механизмін зерделейді.

<p>Пәннің құзіреттілігі</p>	<p>Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр: -кәсіпкерлік қызметтің мәнін, ұйымдастыру мен басқару негіздерін біледі; -жеке ұйым деңгейіндегі экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін, олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін түсінеді; -кәсіби қызметте бизнес құрылымдарды жедел және стратегиялық басқару әдістерін қолдана алады; -әртүрлі аналитикалық әдістерді қолдана отырып, тиісті ақпаратты талдау арқылы шешімдер қабылдау және олардың салдарын бағалауда қүзіретті.</p>
<p>Қорытынды бақылау нысаны Пәннің оқытылу мерзімі Әдебиеттер тізімі</p>	<p>Емтихан 1 академиялық кезең (15 апта) Негізгі: 1. К.М. Жумаксанова, Р.Ж, Дүйскенова, А.Т. Алдажарова, А.З. Нурпейсова. Кәсіпкерлік қызмет негіздері және туризмдегі бухгалтерлік есеп: Оқу құралы. - Алматы, 2020. - 112б. 2. М.Б. Турабаева, О.В. Силаева; Экономика негізі және кәсіпкерлік» модулі: Оқулық. / Құраст. Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті. - Темиртау, 2020. - 34б. 3. Калиева, А.Е., Салибекова, П.Қ. Инновациялық кәсіпкерлік: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 169б. 4. Сыдыбаева, М.А., Досаналиева, А.Т. Интернет-кәсіпкерлік: Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: «Тұран» Университеті, 2020. - 125б. 5. Бове К.Л. Қазіргі бизнес-коммуникация [Электронный ресурс] / К.Л. Бове, Дж.В. Тилл; ауд. А.Қуанышбекова, М.Қожақанова, Д.Мәзен; "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры.- 14-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 736 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). 6. А. Азимхан, Г.С. Дюсембекова, Г.Д. Баяндина, С.М. Хасенова, Г.К. Кенжетаева. Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері: Оқу құралы. / - Павлодар: Кереку, 2019. - 129б. 7. Кәсіпкерлік: Жоғары оқу орыны студенттеріне арналған оқу құралы . / М. Б. Султанова, Ж. Ж. Габбасова, Ж. Б. Кенжин. - Орал: Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, 2019. - 139б. 8. Кәсіпкерлікті ұйымдастыру [Мәтін]: оқу құралы / К.Н.Оразбаева, Ә.Б.Жетпісова, Г.Т.Серікова, Г.А.Сақауова.- Алматы: TechSmith, 2018.- 248 б. 9. Кәсіпкерлік стратегиялар: Оқу құралы. / К.Р. Касенов, Ә.Қ. Агзам, А.Ж. Аманкосов; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 242б. 10. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика [Мәтін] / Д.Ф. Куратко; ауд. М.Қыстаубаева, Б.Сабденәлиев, М.Сейітжаппарұлы [ж.т.б.].- 10-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 480 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).</p>

11. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [Мәтін] / К. Шваб; ауд. Н.Б.Ақыш, Л.Ә.Бимендиева, К.І.Матыжанов.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 200 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).
12. Исабеков Б.Н. Инновация және кәсіпкерлік [Мәтін]: оқулық / Б.Н.Исабеков, Л.Қ.Мұхамбетова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Астана: Басп. ж., 2017.- 680 б.
13. Султанбеков, М.Б. Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері және экономика салалары: Оқу құралы. - Павлодар: Кереку, 2017. - 109б.
14. Бизнес-жоспар [Мәтін]: оқу құралы / К.Е.Ертаев, Л.Г.Гербеєв, К.О.Смагулова, А.М.Дәуренбеков.- Алматы: Эверо, 2017.- 124 б.
15. Хамитова К. Экономика және кәсіпкерлік негіздері [Мәтін]: оқулық / К. Хамитова.- 3-бас. толықт., өнд.- Астана: Фолиант, 2016.- 200 б.
16. Мэнкью Грегории Н., Тейлор Марк П. Экономикс. 4-халықаралық басылым. -Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 848 бет.
- Қосымша:**
17. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы "30" мамырдағы № 338 қаулысымен. 2020 – 2024 жылдарға арналған қаржылық сауаттылықты арттыру тұжырымдамасы
18. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) / Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ кодексі

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	GZN 2108 Ғылыми зерттеу негіздері (Fundamentals of scientific research)
Пәннің ПОҚ	Хидиров К.Р.Есиркепов У.Ш., Канатова М.К.
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6B08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	Күндізгі
Семестр	5
Пәннің пререквизиттері	Өсімдіктер биологиясы
Пәннің постреквизиттері	«Өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан қорғау» модулі
Пәнді оқу мақсаты	Пәннің мақсаты – егістік тәжірибені жоспарлау және жүргізу әдістемесін игеру және егістік тәжірибе нәтижелерінің статистикалық дұрыстығын анықтау.
Пәннің мазмұны	Пән ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және олардың өсімдіктерді қорғау саласында қолданылуын зерттейді. Ауыл шаруашылығы дақылдарының агроценоздарын фитосанитарлық мониторинг әдістері қарастырылады. Курс егістік тәжірибені орнатудың барлық кезеңдері бойынша теориялық материалды ұсынады: жоспарлау, тәжірибені белгілеу техникасы, эксперименттік материалды есепке алу, бақылау және статистикалық өңдеу.
Пәннің күзiреттiлiгi	Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр:

	<p>- өсімдік қорғауда қолданылатын ғылыми зерттеу әдістері. егістік тәжірибелердің жіктелуін; егістік тәжірибеге қойылатын әдістемелік талаптарды біледі;</p> <p>- сандық және сапалық өзгергіштігі бар сипаттамаларды бағалауға арналған статистикалық сипаттамаларды; гипотезаларды тексерудің статистикалық әдістерін түсінеді;</p> <p>- егістік тәжірибесін дұрыс жоспарлау; байланысты зерттеулер мен бақылауларды жоспарлау; дисперсияны жүзеге асыру</p> <p>өсімдік жамылғысының және егістік тәжірибелердің нәтижелерін талдау мәні және дисперсиялық талдау үлгілерін қолдана алады;</p> <p>- кәсіби қызметте эксперименттік зерттеулерге қатысуға күзиретгі.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Калиева, Л.Т. Основы научных исследований в защите растений [Текст]: учеб. пособие / Л.Т. Калиева [и др.]; МСХ РК; Зап.-Казахст. АТУ им. Жангир хана.- Алматы: Альманах, 2019.- 106 с. 2. Кирюшин, Б.Д. Основы научных исследований в агрономии [Текст]: учебник / Б.Д. Кирюшин [и др.].- СПб.: Квадро, 2016.- 408 с. 3. Кадыров, А.С. Основы научных исследований [Текст]: моногр. / А.С. Кадыров [и др.].Караганда: АҚНҰР, 2018.- 310 с. 3. Маловичко, Л.В. Методы полевых исследований [Текст]: учеб. пособие / Л.В. Маловичко [и др.]; МСХ РФ; РГАУ-МСХА им. К.А.Тимирязева.- М.: РГАУ-МСХА, 2016.- 225 с. 4. Айешева, Г.А. Основы научно-исследовательской работы [Текст]: учеб. пособие для студ. эконом. спец. / Г.А. Айешева [и др.]; Зап.-Казахст. АТУ им. Жангир хана.- Уральск: Зап.-Казахст. АТУ им. Жангир хана, 2015.- 139 с.

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	KSN 2108 Қаржылық сауаттылық негіздері (Basics of financial literacy)
Пәннің ПОҚ	Сейтбекова С.Т., Бейсенбаева А.К.
Пән циклі	ЖБП / ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы)	6B08101- Агрономия
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Жоғары математика
Пәннің постреквизиттері	Аграрлық экономика
Пәнді оқу мақсаты	Жеке қаржыға қатысты шешімдер қабылдау кезінде ұтымды қаржылық мінез-құлықты қалыптастыруға үйрету, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді тәсілдері, қаржылық өнімдер мен қызметтерді пайдалану тәртібін білу.
Пәннің мазмұны	Жеке қаржыны басқару. Меншікті ақша қаражатын

	қалыптастыру және банкті таңдау, қаржылық тәуекелдер мен инвестициялау стратегиялары, ҚР-да жеке тұлғалар төлейтін салық түрлері, ҚР сақтандыру нарығы, өз бизнесін құру, қаржылық алаяқтық, зейнетақы жинақтау мүмкіндіктері
